



Құрметті әріптестер!

Баршаңызды 2019 жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Жаңа жылды жақсы жаңалықпен бастап отырмыз. 2018 жылдың мамыр айында «Ембімұнайгаз» АҚ-ның корпоративті басылымы «Ембі тынысы» электронды газеті қолдарыңызға тиген болатын. Өздеріңіз жақсы білесіздер, қазіргі кезең – интернет жүйесі өмірімізге батыл енген уақыт. Осыған орай, өткен жылы Компанияның корпоративті газетін онлайн түрінде шығара бастадық. Ембі өңірінде кең қолға алынып жатқан тың бастамаларды, маңызды жобаларды әрбір мұнайшыға жеткізуді мақсат еткен «Ембі тынысы» электронды газетінің 16 саны жарыққа шығып, ақпараттық-танымдық бағыттағы материалдар топтамасы жедел ұйымдастырылып келді.

Алайда, Ембі өңірінде еңбек етіп жатқан 5 мыңнан астам маманның барлығына толық жетуі үшін (интернет жүйесі барлық жұмысшыға әзірге қолжетімді емес) басылымның қағаз нұсқасын шығаруды ұйғардық. Міне, бүгін корпоративті басылым қолдарыңызға қағаз жүзінде тиіп отыр. Компания тіршілігін, өндірістік және әлеуметтік салалардағы нәтижесін тапқан жақсы шараларды, қолға алынғалы отырған жаңалықтарды жұмысшы оқырмандарымызға жан-жақты жеткізу мақсатындағы газет енді қағаз түрінде таралады. Бұған дейін электронды түрде шығарылған газеттің онлайн нұсқасы да жалғаса береді. Газет айына екі рет, бірінші және үшінші апталардың жұма күндерінде шығарылады. 2019 жылдағы Ембі өңірінің өндірістік-әлеуметтік бағыттағы жағымды жаңалықтары, бағындырған жаңа белестері, кен алаңдарының салтанатты шаралары, мерейтойлар және тағы басқа шаралар мен жұмыстар «Ембі тынысы» газетінде кең көрініс табады деген ойдамыз.

Осы жылы Ембінің «алғашқы қарлығашы» - Қарашүңгіл кен алаңына 120 жыл толғалы отыр. Мерейтой шаралары Қошқар (75 жыл), Сағыз (80 жыл), Жаңаталап (45 жыл), Лиман (5 жыл), Шығыс



Молдабек (20 жыл), Қаратон (70 жыл), Құлсары (80 жыл) кен алаңдарында жалғасады.

Ембі өңірінің қалыптасып, дамуында зор үлестері бар ардагер-мұнайшыларға деген құрметіміз де газет беттерінен жиі көрініс таппақшы. 2019 жылда бізді күткен жаңа белестер көп. Толағай табыстарға бірліктің, ұйымшылдықтың арқасында қол жеткізетініміз даусыз. Ұжымшілік байланысты нығайтатын тиімді бағыттың бірі - «Ембі тынысы» газетінің тұрақты шығуы. Бұл орайда, сіз бен біздің арамызды жалғайтын, басшылық пен қарапайым еңбек адамының арасындағы алтын көпір- «Ембі тынысы» газеті болады деген үміттеміз. Сәттілік сіздерге!

Құрметпен,
Басқарма төрағасы
Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ

Біздің миссиямыз: жұмысшыларға – тұрақтылық, акционерлерге – тиімділік

2018 жыл «Ембімұнайгаз» АҚ үшін сәтті және табысқа толы жыл болды. Өткен жылдың басты оқиғасының бірі – компанияның алдағы 10 жылға қабылданған Даму тұжырымдамасы. Оның негізінде, компаниямыздың келешектегі даму жоспарлары мен оларды іске асыру жолдары белгіленіп, миссиямыз бен құндылықтарымыз анықталды. Бекітілген миссияларға сәйкес, компания акционерлер алдындағы міндеттерін сәтті орындап, қызметкерлерге

әлеуметтік қолдау қызметтерін жоғары деңгейде көрсетіп келеді.

Компанияның құндылықтары ретінде қызметкерлердің денсаулығы мен өмірін сақтау, белгілі нәтижеге қол жеткізу, туған жерге және компанияға ұқыптылықпен қарау, кәсіби шеберлік, сонымен қатар өзара сыйластық пен әріптестер арасындағы сенім сияқты қарапайым адами шындықтар қабылданған. *(Жалғасы 3-бетте)*

БҰЛ НӨМІРДЕН ОҚИ АЛАСЫЗДАР:



ҚМГ ҰК басшысы – Атырауда
4-5 беттер



Әке жолын жалғаған ер
6 бет



Ембілік мұнайшылардан жаңа
жылдық ертеңгіліктер
7 бет



Болашақ мұнайшыларға
арналған жаңа оқу жылы
7 бет



2018 жыл несімен есте қалды?
8 бет

Басқарма төрағасының қауіпсіздік мәселелеріне арналған Жолдауы



«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның Басқарма төрағасының орынбасары ретінде жұмыс істеп жүргенде, 2018 жылы «ҚазМұнайГаз»-дың қауіпсіздік саласында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізгеніне өзім куә болдым. Алғаш рет Компанияның тарихында 12 айлық кезеңде еңбек қызметімен байланысты өлімге алып келген жазатайым оқиғалары бойынша НӨЛДІК көрсеткішке қол жеткізілді. Еңбек қабілетсіздігіне әкеп соққан (еңбек қызметіне байланысты жарақаттану нәтижесінде бір күннен асатын кезең), жазатайым оқиғалардың саны 2017 жылмен салыстырғанда 35%-ға азайды. Мұның барлығы Компанияда жыл өткен сайын қауіпсіздік мә-

дениетінің артқанын әрі нығайғанын растайды. Сол үшін Сіздердің баршаңызға алғыс білдіргім келеді.

Алайда, 2018 жыл жазатайым оқиғасыз жыл болған жоқ – өндірісте әлі де болса оқыс оқиғалар орын алып отыр. Біз Компанияның және мердігер ұйымдардың әрбір қызметкерінің әрқашанда жұмыстан аман-есен, жарақат алмай үйіне оралуына ұмтыламыз! Біз әрқашанда 100% қауіпсіздікке қол жеткізу мақсатында үздіксіз жұмыс істейтін боламыз!

Біздің қызметкерлердің, мердігерлердің және жергілікті халықтың денсаулығын қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы тынымсыз еңбегіміз «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ бизнесінің ұзақмерзімді әрі табысты болуының негізгі факторы болып табылады. Біз қауіпсіздік бойынша негізгі құндылықтарға ортақтасатын, өндірістің жоғарғы стандарттарына ұмтылатын кадрлық әлеуетті тарту, дамыту және сақтау арқылы қауіпсіздік мәдениетін ұдайы алға жылжытатын боламыз.

Компанияда қауіпсіздік бойынша бірқатар қағидалар, рәсімдер және стандарттар әзірленіп енгізілді. Үлкен жұмыс атқарылды, десе де, бұл - жеткіліксіз. Біз ұжымның барлық деңгейлерінде, ҚМГ нысандарында жұмыс атқарып жатқан әрбір қызметкер үшін оның ажырымас бөлігі болып табылатын қауіпсіздік құндылығын енгізу жұмысын және қауіпсіздік мәдениетіне ұмтылысты әрі қарай жалғастыруымыз керек. Бұл құндылық жұмыстан тыс уақыттың өзінде де сіздің өміріңіздің ажырамас тұрақты бөлігі болуы керек. Себебі, қауіпсіздік мәдениеті дегеніміз – ойлану қабілетін, жұмысқа деген қарым-қатынасты қалыптастыратын жазылмаған нормалар мен стандарттар жиынтығы.

Қауіпсіздікке деген ұмтылыс басшылықтан басталады. Алайда, басшылық жеке өзі барлық жерде қауіпсіздік мәдениетін ұдайы қамтамасыз ете алмайды.

Егер сіздердің әрқайсыңыз қауіп тудыратын жағдайлар мен әрекеттерді байқасаңыз, әрі бұл жайында ашық түрде айтатын болсаңыз, ал сіз жүгінген адамдар, сізді тыңдайтын болса, яғни жұмыс орындап жатқан қызметкер болсын, не өзіңіздің басшыңыз болсын сізді тиісті жабдықпен қамтамасыз етіп және жұмыстардың қауіпсіз орындалуын үйретсе, осы көрсетілген міндеттеме мені қоса алғанда, ҚМГ-ның әрбір қызметкерінің ұстанымы болуы қажет.

Біздің мақсатымыз – тек қана қауіпсіздік талаптарын сақтау ғана емес, әрбір адам қауіпсіздік техникасының жағдайын жақсартуға ұмтылатын, қауіпсіздік үшін жеке жауапкершілікті сезінетіндей атмосфераны құру.

Қауіпсіздік мәдениетін құру дегеніміз – аялдамасы жоқ жол. Біз ешқашанда қол жеткен табысқа тоқмейілісіп, тоқтап қалмауымыз керек. Бұл - заман талабы; бұл жол бойынша ұдайы алға ұмтылу адамның өзін-өзі тәрбиелеуіне үйретеді және бізді үнемі қауіпсіздік техникасын сақтауға жетелейді, оны жетілдіру үшін орындалуға тиіс талаптардың барлығын бізден талап етеді. Қазақстан бойынша мұнай-газ саласындағы үздік компания болайық! Сондай-ақ, қауіпсіздік көрсеткіштерін жақсарту бойынша үнемі алға ұмтылайық!

Сіздерге тағы да іске деген адалдықтарыңыз, қауіпсіздік бойынша көрсеткіштерді жақсартуға қосқан үлестеріңіз және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қызметінің тиімділігін арттырғандарыңыз үшін алғыс айтамын, сондай-ақ, 2019 жыл Сіздер және сіздердің отбасыларыңыз үшін қауіпсіз, салауатты әрі табысты жыл болуына тілектеспін!

*А. АЙДАРБАЕВ,
«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ
Басқарма төрағасы.*

Задачи на 2019: выше и лучше!

Останавливать любые работы в случае угрозы жизни и здоровья персонала и повысить исполнительскую дисциплину на всех уровнях, - призвал председатель Правления АО «Эмбаунай-газ» Ануар ЖАКСЫБЕКОВ (далее Компания или ЭМГ) в ходе первого аппаратного совещания в 2019 году. В ходе заседания с участием руководящего состава аппарата управления, были детально обсуждены итоги 2018 года и обозначены планы на текущий год.

Вначале совещания руководитель Компании поздравил собравшихся с успешным запуском в конце уходящего года блока сероочистки и производства серы - «LOCAT» Установки подготовки попутного нефтяного газа на Прорвинской группе месторождений, отметив большой вклад в практическую реализацию данного проекта управляющего директора по энергетическому обеспечению и газовому хозяйству Бауыржана Сейтказиева.

- Благодаря запуску данного объекта, Эмба начинает развивать новое для себя – газовое направление. Это уже третий объект по подготовке газа и первый – по выпуску готовой продукции. Поручаю коммерческому блоку решить вопрос по реализации серы, - отметил А. Жаксыбеков.

В ходе рассмотрения итогов прошлого года, были заслушаны отчеты всех управляющих директоров по каждому направлению с обсуждением статуса важных проектов.

К сожалению, новый год для ЭМГ начался не вполне благополучно. Директор департамента охраны труда и окружающей среды Ильяс Сарыбеков сообщил, что 5 января текущего года произошло ДТП на трассе Доссор-Алтынкол, в ходе которого в результате выезда легкового автомобиля на встреч-

ную полосу, произошло столкновение со служебным транспортом ЭМГ – КАМАЗом, в результате чего пострадали 2 гражданских лица.

В ходе совещания обсуждался также инцидент, происшедший под занавес уходящего года в НГДУ «Доссормунайгаз». Сотрудница Компании, на ходу отстегнула ремень безопасности, желая сменить позу, и, в результате резкого торможения автобуса, упала, получив травму кисти руки.

- Я еще раз напомним всем, что главной ценностью для компании является жизнь и здоровье человека. Поэтому, требую, чтобы до всего коллектива была доведена информация о необходимости неукоснительно следовать правилам безопасного поведения на рабочем месте. В том числе о необходимости остановки работ в случае появления риска для жизни и здоровья работников. Даже, если приказ о начале или продолжении работ исходит от руководителя, - заявил А. Жаксыбеков, дав поручение департаменту охраны труда и окружающей среды продолжить активную разъяснительную работу среди коллектива по безопасным методам работы на производстве и профилактике травматизма.

В ходе отчета И. Сарыбеков сообщил также о статусе реализации рабочих вопросов по очистным сооружениям, утилизации нефтешлама и металлолома. Глава Компании заострил внимание собравшихся на фактах некачественной работы по очистке сточных вод в прошлом, что привело к дополнительным работам и затратам в 2018 году.

- Напоминаю, что при реализации производственных и хозяйственных задач, мы всегда должны быть привержены избранной ценности в рамках концепции развития – бережно относиться к родной земле и имуществу компании, требуя неукосни-

тельного соблюдения этих принципов от подрядных компаний, - отметил председатель Правления ЭМГ.

В ходе совещания, А. Жаксыбеков призвал также весь руководящий состав повысить исполнительскую дисциплину на всех уровнях, а также принимать строгие меры к нарушителям трудового распорядка на производственных объектах и территории вахтовых поселков.

- Таких факты допускать нельзя. Информировую о моем поручении СБ и руководителям на местах принимать строгие меры к нарушителям, вплоть до увольнения, невзирая ни на какие жизненные обстоятельства работника, - подчеркнул руководитель Компании.

Резюмируя итоги совещания, А. Жаксыбеков подвел итоги прошлого года, отметив, что из 32 задач, поставленных на 2018 г., успешно выполнены 84%.

- Благодарю Вас и весь оперативный состав наших производственных структурных подразделений за отличную работу в интересах компании, - подчеркнул А. Жаксыбеков.

Руководитель ЭМГ поставил новые задачи на 2019 год: Главная задача - выполнение добычи нефти на уровне 2 895 тысяч тонн.

Среди основных задач, поставленных председателем Правления перед профильными руководителями: детально пересмотреть профиль добычи Прорвинских групп месторождений и рассчитать окупаемость модернизации и/или строительства нового ЦППН Прорва, реализацию Программы по совершенствованию системы ППД, реализовать проект строительства газопоршневых станций, подготовить не менее 5 перспективных структур к бурению, добиться не менее 50% успешности поисково-разведочного бурения, вынести на рассмотрение Инвестиционного комитета НК КМГ проекты по Кенбаю и Жайыку, продолжить подготовительные работы к бурению скважины П-1 на структуре Каратон, начать сейморазведочные работы 3Д на блоке Тайсойган, завершить работы по блоку Эмба-5 и подготовить рекомендации.



(Жалғасы. Басы 1-бетте) Өткен жылы Даму тұжырымдамасының аясында жобалық басқару жүйесі енгізіліп, компания жобаларының мәртебесін іске асыруды қарау бойынша комитет құрылды. Бұл бағалау мен тұрақты мониторинг жүргізуге, сонымен қатар, жобаларды жүзеге асыру процесін жақсарту мақсатында дереу шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Басты назар жобалардағы тәуекелдерді басқаруға аударылады.

Бұл жол- жобалар мен тәуекелдерді құндылықтарымызбен бірге басқаруда, компанияның жаңа өндіріс пен жоспарлау мәдениетін қалыптастыруда тиімді жүйе болатынына сенімдіміз.

Өткен жылы өлім мен апаттық жағдайлар бойынша нөлдік көрсеткішке қол жеткізгенімізді мақтанышпен айтамыз. Мұндай нәтижеге компанияның барлық қызметкерінің біріккен және жүйелі еңбегінің арқасында қол жеткіздік. Алайда, жарақаттану жағдайлары орын алып отыр: төрт жағдай бойынша саралау жұмыстары жүргізіліп, іс-шаралар қолға алынуда. Қазіргі таңда өндірістегі жазатайым оқиғаларсыз қауіпсіз күндер көрсеткіші бойынша көш бастап тұрған – «Ембімұнайэнерго» басқармасы (жазатайым оқиғасыз 1210 күн) мен «Жайықмұнайгаз» МГӨБ (1056). Бұдан кейінгі орындарда – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ (623), басқару аппараты (572), өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау басқармасы (348), «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ (280) және «Доссормұнайгаз» МГӨБ (13). Бұл рейтингке көз жүгіртіп қарасақ, өндірістегі қауіпсіздік саласында жоғары нәтижелерге қол жеткізуге барлық бөлімшенің күші жететінін аңғарамыз. Сондықтан, келіп жеткен Жаңа жылдағы біздің ортақ мақсатымыз – еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында көш бастап тұрған халықаралық компаниялардың тәжірибесін енгізу арқылы тиісті шешімдер қабылдап, алға ұмтылу.

Барлық ұжым мүшелерінің біріккен жұмысының арқасында «Ембімұнайгаз» АҚ акционер қойған міндетті орындады. Өткен жылдың басында акционер ембілік кен алаңдарындағы өндіру жоспарын бекітіп, жыл ішінде 2 млн. 895 мың тонна мұнай өндіруді міндеттеді. Бұл өткен кезеңдердегі жылдық көрсеткіш деңгейінен 55 мың тоннаға артық. Бірақ, Ембінің ұйымшыл ұжымы бұл міндетті де орындай білді. Өткен жылдың 12 айының қорытындысы бойынша 2 млн. 895 мың 332 тонна мұнай өндірілді! Әр өндірістік құрылымдық бөлімшелерге тоқталсақ, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ – 1 109 859 тонна мұнай (+ 152 тонна), «Жайықмұнайгаз» МГӨБ 944 153 тонна (+90), «Доссормұнайгаз» МГӨБ - 366 473 (+ 43)

және «Қайнармұнайгаз» МГӨБ - 474 847 (+47) тонна мұнай өндірді.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның отандық мұнай өнеркәсібіндегі көшбасшылық ұстанымдары және жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізу бағытындағы міндеттеме компанияның өндірістік үдерістерді одан әрі цифрландыру бойынша жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстарымен дәлелденуде. 2016 жылы Уаз кен алаңына пилоттық режимде енгізілген «Сандық кен алаңы» жобасы өз тиімділігін көрсетті. 2017 жылы аталған жоба Прорва кен алаңдары тобына, ал, 2018 жылы Жаңаталап кен алаңына таратылды. Жалпы, 2024 жылға дейін компания бойынша 10 кен алаңы сандық жүйеге көшіріледі.

Естеріңізге сала кетейік, «Интеллектуалды кен алаңы» жобасы «Сандық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына еніп, 2018 жылғы тамыз айында «Ембімұнайгаз» АҚ-ның бас кеңсесіне сапары барысында Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ оң бағасын алды. Өткен жылдың сәуір айында Компаниямыздың бастамасымен өткен мұнай өндіру үдерісіндегі цифрландыру форумы 200-ге тарта халықаралық және қазақстандық сарапшылардың, мұнай және сервистік компаниялар өкілдерінің басын қосты. Өткен жылы компаниямыздағы өндірісті цифрландыру және өндірістік процестерді бақылау орталығының жұмыстарымен ҚР Премьер-министрі Б.Ә.Сағынтаев, вице-премьер А. К. Жұмағалиев, ҚР Парламентінің депутаттары, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басшысы А.С.Есімов келіп, танысты.

Бұдан басқа компанияда бизнес-үдерістердің тиімділігін арттыру бағытында бірқатар жобалар жүзеге асуда. Бүгінгі таңда техникалық қамту және жабдықтарды жөндеу, материалдық-техникалық қамту, көлікпен қамту бағытында ауқымды жұмыстар қолға алынуда. Нәтижесінде, жұмысшылардың еңбегі аз уақытты алып, тиімдірек болады.

Компанияда қорды толтыру мақсатында ауқымды жұмыстар қолға алынуда. 2018 жылы 5 іздеу-барлау ұңғымаларын бұрғылау ақталды, 6 ұңғыма бұрғылануда, триас кешеніндегі –Солтүстік Уаз бен С.Нұржанов (солтүстік-батыс қанаты) 2 жаңа кен алаңы балансқа алынды. Батыс Новобогат кен алаңы бойынша қор көбейтілді. Ақтөбе облысындағы Ембі-5 учаскесі бойынша мемлекеттік геологиялық зерттеу келісімшарты бекітіліп, жалпы көлемі 1000 шақырым аумақта 2 Д МОГТ жұмысы жүргізілді. «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Тайсойған учаскесінде сейсдобарлау жұмыстарын жүргізуге корпоратив ішілік келісім алынды. Жоспарланған 3Д МОГТ сейсдобарлау жұмыстар-

ның жалпы көлемі 5 600 шақырымды құрайды, бұл - КМГ ҰК еншілес компаниялары арасында және ел бойынша да жоғарғы көрсеткіш. Бұған қосымша, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Қаратон құрылымында 6 000 метр тереңдікті құрайтын ұңғымаларды тұзасты терең бұрғылау корпоратив ішілік келісім алынды, жақын уақытта жұмыстар басталады.

Өз қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында компания жыл сайын жұмысшыларды оқыту, даярлау және қайта даярлау шараларына қолмақты қаражат бөліп келеді. 2018 жылы қауіпсіздік техникасы бойынша міндетті курстардан 4,5 мыңнан астам қызметкер, соның ішінде, өндірістік қауіпсіздік бойынша – 4596 жұмысшы, өрт қауіпсіздігі бойынша 2718, электр қауіпсіздігі бойынша – 1417, фонтанға қарсы қауіпсіздік бойынша – 300, қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша 105 жұмысшы өтті. 1217 жұмысшы заманауи мұнай өндіру технологиялары, мұнай өндіруді жақсарту, шетелдік бұрғылау технологиялары және басқа да семинарларға қатысып, біліктіліктерін арттырды. Жұмысшы мамандықтар бойынша 971 жұмысшы даярлау және қайта даярлау курстарынан өтті. Компания профильді емес қызмет түрлеріне сәйкес штаттық қызметтері оңтайландырылған жұмысшыларды жаңа мамандықтар бойынша қайта даярлау жұмыстарын жүргізді.

2015 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ Атырау мұнай және газ университеті мен АПЕК Петротехник Жоғарғы колледжі студенттеріне арналған Дуалды оқыту жобасын алғашқы болып жүзеге асыра бастады. Жоба іске асқан жылдар аралығында жұмысшы мамандықтар бойынша 74 студент дуалды оқыту бағдарламасына қатысса, оның ішінде, тестілеу қорытындыларымен ең жоғары балл жинаған 37 студент компанияға жұмысқа қабылданды. Қазіргі таңда 23 студент білімдерін жалғастыруда. Жақында тағы да 19 студент жоба бойынша оқуға кірісті.

Жұмысшылардың әлеуметтік өмірі де назардан тыс қалмайды. Компания «Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік инфрақұрылымының материалдық-техникалық базасын жаңғырту бағдарламасын жүзеге асырып, мұнайшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға жұмыстануда. 2018 жылы Кенбай кен алаңында 100 орынға арналған жатақхана, Қисымбай кен алаңында 50 орындық және С.Балғымбаев кен алаңында 150 орындық асханалар пайдалануға берілді. Кен орындарымызды биоәжетханамен қамту және көліктерді жаңарту жұмыстары 2019 жылға жоспарланып отыр. Сонымен қатар, бас компания қойған міндеттерге сәйкес ұжымдық мәдениетке де баса көңіл бөлінетін болады.

ҚМГ ҰК басшысы – Атырауда



23-24 желтоқсан күндері Атырау облысында жұмыс сапарымен «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі ҚМГ ҰК) Басқарма төрағасы А.С.Айдарбаев болды. Ұлттық компания басшысының сапарына, сонымен қатар, ҚМГ ҰК Басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнайсервистері жөніндегі орынбасары Қ.О.Есқазиев, ҚМГ ҰК басқарушы директорлары Е.Қ.Қайржан және Д.К.Хасанов қатысты.

Сапардың алғашқы күні ҚМГ ҰК басшысы Прорва кен алаңдары тобындағы өндірістік нысандарды аралап, Ілеспе газды кешенді дайындау қондырғысының, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның (бұдан әрі ЕМГ) өндірістік құрылымдық бөлімшесі саналатын «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нің «Прорва» орталық мұнай дайындау пунктінің жұмыстарымен танысты. Ал, кешке ҚМГ ҰК басшысы және Атырау облысы әкімі Н.Ноғаевпен бірге облыстың және ЕМГ-нің ардагерлерімен кездесті.

- Мемлекетіміздің толағай табыстарға жетіп, көптеген әлеуметтік мәселелердің оң шешілуіне ерекше үлес қосқан мұнай-газ саласы ел тәуелсіздігін нығайтуда маңызды орын алатынын баршамыз білеміз. Осы саланың дамуына және өркендеуіне

үлес қосқан сіздердің ерен еңбектеріңізді біз ұмытпаймыз, халық ұмытпайды. Сондықтан, мереке қарсаңында еліміздің мұнайлы астанасы – Атырауға арнайы келіп, өздеріңіздің баталарыңызды алып кетуді жөн көрдім. Сіздердің ерен еңбектеріңіз егемен еліміздің экономикалық-әлеуметтік дамуына үлкен үлес қосқанын ерекше атап өткім келеді, - деп, ұлттық компания басшысы облыс ардагерлерін келе жатқан мерекемен құттықтады.

Кездесуге қатысқан ардагерлер өз кезегінде ұлттық компанияның ел экономикасының локомотиві саналатын мұнай-газ өндіру саласының дамуына қосып жатқан зор үлесін жоғары бағалады.

Сапардың екінші күні А.Айдарбаев ірі мұнай-газ операторларының, ҚМГ ҰК еншілес және тәуелді компаниялары басшыларымен кездесіп, жиын өткізді.

- Ұлттық компания үшін Атырау облысында жүзеге асып жатқан жобалар үлкен маңызға ие. Олар – Теңіз және Қашаған жобалары. Бұл аймақта «Ембімұнайгаз», «ҚазТрансОйл» және «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамдары, мемлекетіміздегі үш мұнай өңдеу зауыттарының бірі – АМӨЗ өз жұмыстарын жүргізуде. Сондай-ақ, ҚМГ ҰК мамандары-


ның тікелей қатысуымен газ-химия кешенінің құрылысы басталды. Сондықтан, ел экономикасының мұнай-газ секторын одан әрі дамыту перспективалары осы өңірмен тығыз байланысты, - деп атап өтті сөз сөзінде Алик Серікұлы.

Жиын барысында ҚМГ ҰК басшысы мұнай-газ саласындағы жағдайларға бағасын беріп, компаниялардың қызметі мен өзекті мәселелеріне тоқталды.

- «Ембімұнайгаз» АҚ ескі кен орындарын игеріп жатқандығымен, белсенді жүріп жатқан геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде мұнай өндіру жоспарын тұрақты орындап, қорларды толықтыру тапсырмасын да сәтті жүзеге асырып келеді. Бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Атап өту керек, компанияда үлкен және ұйымшыл ұжым жұмыс жасауда. Ілеспе газды кешенді дайындау қондырғысының жұмысымен танысу барысында мен бірқатар себептер бойынша уақытылы іске қосылмаған күкірттен тазарту қондырғысынан (LO-CAT) басқа жалпы нысанның іске қосылып, жұмыс жасап тұрғанына көз жеткіздім. Ал, аталған мәселе жақын арада шешімін тауып, қондырғы іске қосылады деген сенімдемін, - деп атап өтті ҚМГ ҰК басшысы.

Естеріңізге сала кетейік, Прорва кен алаңдары тобында ілеспе мұнай газын залалсыздандыруға арналған Ілеспе газды кешенді дайындау қондырғысында іске қосу мен жөндеу жұмыстары 2017 жылы басталды.

Іске қосу мен жөндеу жұмыстары барысында аталған қондырғының негізгі элементтері кезең-кезеңімен шығарылып, пайдалануға берілді. Алайда, іске қосу мен жөндеу жұмыстары кезеңі жобаның бас мердігерінің газ күкіртін тазарту қондырғысын (LO-CAT) бастау бағытындағы міндеттемелерді уақытында орындамауына байланысты іске қосу кезеңі ұзартылды. Бұл жұмыстар әлі күнге дейін жалғасуда. Қоршаған ортаға зиянды әсерді азайту мақсатында Компания 2017 жылдың қараша айынан бастап С.Нұржанов кен орнында күкіртті сутектің көп мөлшері бар ұңғымалар жұмысын тоқтату бойынша кешенді жұмыстар жүргізуде. Сол арқылы жағылған газ құрамындағы күкіртті сутек 2,5-тен астам есеге азайды. Атырау облысының экология департаменті нақты мәліметтерге емес, жобалық деректерге, жаңылыс кеткен есептеулерге негізделген экологиялық залалды өтеу және әкімшілік айыппұлдар белгіленген бірқатар қаулылар шығарды. Аталған департамент ұсынған талаптардың заңсыздығына сәйкес, қазіргі таңда шағымдану жұмыстары қолға алынды.





Басқосу кезінде А.Айдарбаев газ-химия кешенінің құрылысы жобасының жүзеге асуына ерекше тоқталды.

- Жобаны іске асыру «Біріккен Химия корпорациясы» (БХК) компаниясына тапсырылғанымен, компанияда қажетті мамандардың болмауына байланысты ағымдағы жылдың басында жобаны ҚМГ ҰК-на тапсыру туралы шешім қабылданды. Бүгінгі таңда ел экономикасы үшін үлкен маңызға ие аталған жоба бойынша өсім байқалады. Өйткені, екі ірі жоба – Теңіз бен Қашағаннан алынатын шикізаттан полипропилен мен полиэтилен өндірімек. Сондықтан, бұл жоба бойынша жұмысты әрі қарай жалғастыра береміз, - атап өтті ұлттық компания басшысы.

Алик Серікұлы ТШО жұмысын оң бағалап, Болашақ кеңейту жобасы жүзеге асқаннан кейін компания өндіріс қауіпсіздігі және мұнай өндіру көрсеткішін 12 миллион тоннаға дейін арттыру жоспарланып отырғанын жеткізді. Сонымен қатар, ұлттық компания басшысы жобаның қымбаттауы-

на, ал оны болдырмау үшін барлық серіктестермен қосымша жұмыстар жүргізу керектігіне назар аударуға шақырды. Бұған қоса, Маңғыстау облысының Құрық портынан Прорвада кері портқа жүктерді (модульдерді) тасымалдауға арналған каналға қатысы бар Компанияның экологиялық мәселелеріне де ерекше назар аударды.

ҚМГ ҰК басшысы жиынға қатысушыларын NCOC компаниясының тәулігіне өндірілетін мұнай көлемін арттыру бағытындағы жоспарларын тілге тиек етті. Теңіз мен Қашаған жобаларының ықпалымен ұлттық компания биыл мұнай өндіру жоспарын артығымен орындағалы тұр.

Аталған мәселелер бойынша «Теңізшевройл» ЖШС бас директоры Имер Боннер, NCOC компаниясының қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау директоры Е.Марабаев, АМӨЗ бас директоры Ғ.Амантурлин, «КРІ» компаниясының Басқарма төрағасының міндетін атқарушы Қ.Оразбаев, «ҚазТрансОйл» АҚ Атырау мұнай құбыры

басқармасының басшысы С.Рзиевтер өз компанияларында атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

- Мұнай бағасының құлдырауына байланысты алда үлкен жауапты жұмыстар күтіп тұр. Соған байланысты тиімділігі аз жобаларға бөлінетін қаражат көлемі қысқаратын болады, - деді жиын соңында А.Айдарбаев.

Жиын соңы жаңадан тағайындалған лауазым иелерін таныстыруға ұласты. ҚМГ ҰК басшысы жиналған жұртшылыққа жаңадан тағайындалған ұлттық компанияның сатып алулар және жабдықтау жөніндегі басқарушы директоры Е. Қ. Қайржан мен адами ресурстарды басқару және еңбекке ақы төлеу жөніндегі басқарушы Д.К.Хасановты таныстырды. Жиынды қорытындылаған ҚМГ ҰК басшысы сатып алу рәсімдерінің сапалылығын, еншілес және тәуелді компания басшыларының жауапкершілігін көтеру, халықаралық операторлар үлгісінде ұжымдық мәдениеттің жоғары стандарттарын енгізу жұмыстарын арттыруды нақты тапсырды.



Әке жолын жалғаған ер

Жуырда «Ембімұнайгаз» АҚ (бұдан әрі ЕМГ немесе Компания) Басқарма төрағасы Ә.Е.Жақсыбеков «Доссормұнайгаз» МГӨБ №1 «Ботақан» мұнай және газ өндіру цехының 5-разрядты операторы Қасен ОҢАЙБАЕВТЫ қабылдады. Естеріңізге сала кетсек, ол Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі мерекесі қарсаңында ҚР Президенті Жарлығымен III дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелгісімен марапатталған болатын.

- Компаниямызда отыз жылдай уақыт еңбек еткен кезінде Қасен Қабиұлы өз ісінің шебері екенін дәлелдеді. Мұнайшылар әулетінің өкілі ретінде Қарсақ кен орнында машинист қызметін атқарып, екі мәрте «Еңбек ері» атанған әкесі Қаби Оңайбаевтың абыройлы жолын жалғады. Ембілік мұнайшылардың еңбегін Елбасының жоғары бағалауы – компаниядағы ұрпақтар сабақтастығының сақталғандығының және жұмысшылардың кәсіби біліктілігін тағы да аңғартады, - деп атап өтті құттықтау сөзінде ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ.

Қасен Оңайбаев еңбек жолын 1981 жылы «Ембімұнай» бірлестігінің «Доссормұнай» МГӨБ-нің Қарсақ кен орнында оператордың көмекшісі болып бастады. Отан алдындағы әскери борышын өтеп келген соң, аталған кен орнында жұмысын жалғастырып, екінші, үшінші, төртінші разрядты мұнай және газ өндіру операторы болып қызмет етті. 2005 жылдан бастап «Доссормұнай» МГӨБ №1 «Ботақан» мұнай және газ өндіру цехында 5 разрядты оператор болып еңбек етуде.

Мұнай-газ саласының дамуына қосқан ұзақ жылдар бойғы еңбегі үшін 2002 жылы Ботахан

кен алаңының 20 жылдығына орай «Доссормұнай» МГӨБ-нің Құрмет грамотасымен, 2011 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның «Доссор кен алаңына 100 жыл» мерекелік төсбелгісімен марапатталған.

Басылымымыздың алғашқы нөмірінде біз әріптесімізге хабарласып, сұхбат жүргіздік.

- Қасен Қабиұлы, Жаңа жылыңыз және алған мерекелік марапатыңыз да құтты болсын!

Сұхбатымызды балалық шағыңыздан бастасақ. Еңбек жолыңыз қалай басталды?

- Менің бар ғұмырым қазақ елінің ырысын еселеп, атағын әлемге паш еткен мұнай-газ саласымен тығыз байланысты. Өйткені, осы әкем салада еңбек етті.

Ал, өзім еңбек жолымды 1981 жылы 16 жасымда «Ембімұнай» бірлестігінің «Доссормұнай» МГӨБ-нің Қарсақ кен орнында оператордың көмекшісі болып бастадым. Мектеп бітірген кезім ғой. Әлі жаспын. Сол кезде мен үшін бәрі жаңаша болды. Мұнайшының жұмысының ауырлығына сол кезде көзім жетті. Кейін Отан алдындағы борышымды өтеп келгеннен кейін, осы кен орнында жұмысымды жалғастыруға мүмкіндік берілді. Еңбектің бағаланғаны ғой деп білемін: екінші, үшінші, төртінші разрядты мұнай және газ өндіру операторлығына дейін көтерілдім.

Сол жылдары Жақсыгерей Құбашев, Орынбасар Шындыбулов, Есен Қасанов сынды және басқа да операторлар менің еңбекке араласуыма, үйренуіме көп септік тигізді. Сол кездерді еске алғанда өмірімдегі ең бақытты кезеңдерімнің бірі деп санаймын. Мен олардан үйрендім, бір-бірімізге тілекші аға-іні болдық, қоян-қолтық, сырласа жүріп жетілдік десек артық айтқандығым емес.



Ал, 2005 жылдан бастап I «Ботақан» мұнай және газ өндіру цехында 5 разрядты оператор болып еңбек етудемін.

- 1990 жылдары Сіздің жетекшілігіңізбен операторлар бригадасы ұңғымалардағы топтық өлішем қондырғысы бойынша жоғары нәтижелерге қол жеткізгенінен, сонымен қатар, ол қысыммен жабдықталған мұнай мен газ сепараторын және басқа да қондырғыларды орнатуға да атсалып, мұнай өндіру жоспарын орындауға үлкен үлес қосқанынан хабардармыз. Осы жағдайлар туралы тереңірек айттып өтсеңіз. Бұл кезде өлішем қалай жүргізілді?

- Атап өту керек, бұл тек менің ғана үлесім емес. Сол кезде қызметтес болған азаматтардың бәрі өз үлесін қосты, «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» жұмыс жасай білді.

Сонымен қатар, бұл кезде Ботахан кен алаңының ашылғанына көп уақыт болған жоқ. Жас кен алаңы болғандықтан, майы да жақсы болды. Он бес шақты жаңа ұңғыма жұмыс жасап тұрды. Барлық мүмкіндік барда, жұмыс та сапалы жүреді.

- Қасен Қабиұлы, білуімізше, «Доссормұнай» МГӨБ-нің Қарсақ кен орнында ұзақ жылдар бойы машинист болып еңбек еткен әкеңіз Қаби Оңайбаев та екі мәрте «Еңбек ері» атанған...

- Иә, әкем ұзақ жылдар бойы табан аудармастан бір жерде – Қарсақ кен орнында бұрғылау, ұңғыларды күрделі жөндеу жұмыстарында машинист болып қызмет жасады. Еңбек еленуімен құнды ғой. Адал еңбегі басшылық тарапынан да қолдау тауып, «Еңбек даңқы» медалінің кавалері атанды (1975 және 1981 жылдары алды – ред.) Бұрын бұл медаль «Еңбек ері» деп аталған еді. Енді бұл мемлекеттік марапат маған бұйырып отыр.

Әкенің абыройлы жолын жалғау, Елбасынан бастап Компаниялар басшыларының қолдауына ие болу, құттықтауын есту – мен үшін үлкен мәртебе.

Еліміздің бас мерекесі қарсаңында еңбегінің еленіп жатқаны әрине қуанышты. Бұл – ұзақ жылғы еңбектің жемісі, ауызбіршілік пен береке салтанат құрған менің ұжымымның жеңісі деп білемін.

- Ұрпақтар сабақтастығы деп осыны айтса керек. Отбасыңызда әке жолын жалғап, мұнай-газ саласында өзіңізден басқа еңбек ететін жандар бар ма?

- Біздің әулетті мұнайшылар әулеті деуге болады. Әкеміз мен анамыз 10 бала тәрбиелеп өсірді. Балабақшада қойма меңгерушісі болып еңбек еткен анамыз Оңай Орынбаева «Алтын алқа» иегері болды.

«Жаста берген тәрбие жас шыбықты игендей» деген сөз бар. Жастайымыздан отбасымыздың әке жолымен қаланған өз тәртібі бар, біз соған бағынып өстік. Әрдайым әкеміз өтірік айтпауды, біреудің ала жібін аттамауды, әділ болуды, алға қойған мақсаттарға жету үшін еңбек етуді, мамандыққа адал болуды үйретті. Әкеміздің осы өсиетін әрдайым жадымызда ұстап өстік.

Қазіргі таңда аға-інілерім – Есенгелді, Асылбек, Асқар Оңайбаевтар да мұнай-газ саласында дәнекерлеуші, машинист, монтер болып еңбек етуде.

- Ал, өзіңіздің ұл-қыздарыңыз ше?

- Бүгінде жұбайым екеуіміз екі ұл, екі қыз тәрбиелеудеміз. Соның ішінде, ұлымыз Бектас – «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» бірлескен кәсіпорны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде қызмет етіп келеді.

- Сұхбатыңызға рахмет! Келген Жаңа жыл шаңырағыңызға мол жақсылығын ала келсін. Еңбегіңіз елене берсін!



Болашақ мұнайшыларға арналған жаңа оқу жылы

Атырау мұнай және газ университетінің 19 студенті «Ембімұнайгаз» АҚ-ның өндірістік алаңдарында дуалды жүйе бойынша оқуды бастады. Ағымдағы жылы студенттер мұнай өндіру саласының қыр-сырын «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-нің Кенбай кен алаңының мұнай дайындау және айдау цехының химиялық зертханасы мен «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-на қарасты Прорва кен алаңындағы Ілеспе газды кешенді дайындау қондырғысында үйренетін болады.

- Жоба жүзеге аса бастаған жылдары ЕМГ базасында жұмысшы мамандықтар бойынша 93 студент дуалды оқытудан өтіп, соның ішінде, тестілеу қорытындылары бойынша жоғары балл жинаған 35-і Компанияға жұмысқа орналасты. Қазіргі таңда Компанияның өндірістік базаларында Атырау мұнай және газ университеті, АПЕК Петротехник жоғарғы колледжі және Уфа мемлекеттік мұнай-технологиялық университетінен аталған жоба бойынша барлығы 43 студент білім алуда, - дейді ЕМГ қызметкерлерді басқару және еңбекке акы төлеу департаменті директорының орынбасары Алтынай БЕРЕГЕНОВА.

Естеріңізге сала кетейік, «Ембімұнайгаз» АҚ-да студенттерді Дуалды оқыту бағдарламасы 2015

жылдың тамыз айында басталған болатын. Жоба кесте бойынша жүзеге асады: студенттер 14 күн бойы вахталық әдіспен кен алаңдарында тәжірибе жинақтаса, 14 күнде өз білім ордаларында теория-

лық білім алады. Жоба шеңберінде тағылымгерді оқыту, тамақтандыру, жатын орынмен, арнайы киіммен және өтемақы төлемдерімен қамту шығындарын Компания өз мойнына алады.



Қайырымдылық

Ембілік мұнайшылардан жаңа жылдық ертеңгіліктер

25-26 желтоқсан күндері «Ембімұнайгаз» АҚ (ЕМГ немесе Компания) әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларына қайырымдылық шыршаларын өткізді. Балаларға арналған жаңа жылдық шыршаларға облыстық арнайы және емдеу мекемелерінен 600-ден астам бала қатысты. Ал, Құрманғазы атындағы мәдениет сарайында мүмкіндігі шектеулі 200 балаға жаңа жылдық шырша шарасы ұйымдастырылды.

Жаңа жылдық ертеңгіліктерді ұйымдастыру компаниямыздың дәстүріне айналды. Біз осымен төртінші жыл қатарынан бес мыңнан астам қызметкер еңбек ететін компания атынан ерекше ықылас-

ты қажет ететін балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлап келеміз. Өткен 2018 жыл «Ембімұнайгаз» АҚ үшін табысты жыл болды. Кен алаңдарымызда мұнай өндірудің жоғарғы көрсеткішіне қол жеткізіліп, жылды бірде-бір адам шығынынсыз, жазатайым оқиғасыз аяқтап отырмыз. Экономикалық жағдайдың тұрақтылығы сақталса, біз осындай игі дәстүрді одан әрі жалғай береміз, - деп атап өтті ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ.

Қайырымдылық шыршалары балаларды оңалту орталығында, Атырау облыстық мектеп-интернатында, облыстық кәмелетке толмаған балаларды

тәрбиелеу орталығында, облыстық №4 шипажайлы мектеп-интернатында, тіл мүкестігі бар балаларға арналған №3 арнайы мектеп-интернатында, «Шанырақ» отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйінде және Құрманғазы атындағы мәдениет сарайында өтті.

Ертеңгіліктердің бағдарламасына сәйкес балаларды Аяз Ата мен Ақшақар, ертегілер мен сүйікті мультфильмдердегі кейіпкерлері құттықтады, театрландырылған көріністер қойылды. Қайырымдылық шыршалары соңында балаларға сыйлықтар табыс етілді.



2018 жыл несімен есте қалды?

Шолудың басы газеттің өткен санында

«Ембімұнайгаз» АҚ Астана қаласында өткен «Kazakhstan Geology Forum: Oil&Gas 2018» II Халықаралық форумына серіктестерінің бірі ретінде қатысты.

Форумның мақсаты – геология саласының дамуына белсенді түрде ықпал ету, инновациялық технологиялар мен инвестицияларды тарту.

Қазақстан Республикасы мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-не қарасты Кенбай кен орнында өткен салтанатты шарада 100 орындық жатақхана пайдалануға берілді.

Қазақстан Республикасы мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне және Қисымбай кен орнының 25 жылдығына орай «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-не қарасты аталған кен алаңында 50 орындық асхана бой көтерді.


Ембіліктер С.Балғымбаев кен алаңының 50 жылдығын кең көлемде тойлады. Мерейлі датаға орай Исатай ауданының Аққыстау ауылында бірқатар нысандар пайдалануға беріліп, мәдени шаралар ұйымдастырылды. Атап айтсақ, С.Балғымбаев кен алаңында 150 орындық асхана ашылды. Күрделі жөндеуден өткен «Жайықмұнайгаз» МГӨБ бас кеңсесі тапсырылып, Исатай аудандық «Жалын» мәдениет үйінде өткен ақындар айтысына республикалық деңгейде кең танылып жүрген ақындар қатысты. Орталық стадионда өткен Гала-концертте Н.Жантөрин атындағы облыстық филармонияның өнерпаздары мен қазақ эстрадасының өнерлі жұбы Қыдырәлі Болманов пен Қарақат Әбілдина аудан жұртшылығы мен қонақтар алдында өнер көрсетті.

ЕМГ KIOGE 2018 көрмесінің семинар бөлмелерінің құрылысын қаржыландырып, шараның

Наурыз айында «Жайықмұнайгаз» МГӨБ Техникалық камту және жөндеу жобасын өндіріске енгізе бастады. Ал, сәуір айынан бастап аталған жоба компанияға қарасты өзге де барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелерге таратылды. Желтоқсан айынан бастап барлық ӨҚБ аталған жобаны толық енгізді.

Астана қаласында өткен еңбек форумында «Досормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының мұнай өндіру операторы Айбек Тұрсынбек «Өндірістің үздік жас маманы» номинациясы бойынша «Еңбек жолы» байқауының жеңімпазы атанды.

Еліміздің 14 облысы мен Алматы, Астана қалаларының үздік мамандары қатысқан байқауда Айбек Атыраудың намысын абыроймен қорғады. Үздіктер шығармашылық тапсырмалардың сапалылығы және электронды дауыс беру нәтижесімен анықталды.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ
Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі
Бас редактор: А. Ертлеуова

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:
Л.Сүлейменоваға – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.
L.Suleimenova@emg.kmger.kz
Ғ.Қаражановаға – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmger.kz
А.Ертлеуоваға – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
A.Ertleuova@emg.kmger.kz

Редакциялық кеңес:
Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ - «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы;
Айболат ГАБДУЛЛИН - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;
Қайрат ӘДІЛБЕКОВ - Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары;
Сәлімжан НАҚПАЕВ - Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;
Бауыржан БАЛЖАНОВ - Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары;
Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;
Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

*Құпиялылыққа кепілдік беріледі.
«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі*